



«Бекітемін»:
МҚКК «Балапан» мектепке
дейінгі ұйым менгерушісі
Абдиганисва А.К

«Балбөбек» ортаңғы тобының
Қазақ тілі ҰІӘ – не арналған
Перспективалық жоспары
2022-2023 оқу жылы

Тәрбиешілер: Абдуллина Н.С
Избасарова Ш.Б

Аралтоғай ауылы

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 – 2023 оқу жылына арналған Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша перспективалық жоспар

Білім беру ұйымы: МКҚК «Балапан» МДҰ

Топ: «Балбөбек» ортаңғы тобы

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 2022-2023 оқу жылы

Айы	ҮІӨ күні	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек		<p>Тілдік дамытушы орта. Балалардың ересектермен және құрдастарымен еркін қарым-қатынасқа түсуіне жағдай жасау.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліндегі берілген сөздерді ынта қойып, мұқият тындауға және ол сөздерді бірнеше рет айту арқылы есте сақтауға, дұрыс айтуға үйрету. Қазақ тіліндегі ерекше дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету: «Ә»</p> <p>Сөздік қор. Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе», «аға», «апа», «іні», «қарындас») дұрыс айтуға баулу. Баланың сөздік қорын дамытуда тақпақтар жаттауға баулу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту.</p>
Қазан		<p>Тілдік дамытушы орта. Сәлемдесуде өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға баулу, тәрбиелеу.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөз ішіндегі қазақ тіліне тән дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету. Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. Қазақ тіліндегі ерекше дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету: «Ә, Ө»</p> <p>Сөздік қор. Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. Баланың сөздік қорын дамытуда санамақтар, тақпақтар жаттауға баулу.</p>

		<p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді жекеше және көпше түрде қолдануға үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру.</p>
Қараша		<p>Тілдік дамытушы орта. Бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге үйрету.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Көрнекілікпен өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тілінде айтылған сөздерді тыңдауға, оларды дұрыс айтуға және есте сақтауға үйретуді жалғастыру. Қазақ тіліндегі ерекше дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету: «Ө»</p> <p>Сөздік қор. Кейбір жемістердің атауларын дұрыс айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Баланың сөздік қорын дамытуда, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Әңгіме барысында бұйрық райлы етістіктерді қолдануға үйрету (бар, кел, айт).</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтауға үйрету.</p>
Желтоқсан		<p>Тілдік дамытушы орта. сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға үйрету.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліндегі ерекше дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету: «Ө, Қ»</p> <p>Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты дамыту жөніндегі жұмысты жалғастыру.</p> <p>Сөздік қор. Кейбір тұрмыстық заттардың атауларын айту және түсіну дағдысын қалыптастыру. Баланың сөздік қорын дамытуда санамақтар, тақпақтар жаттауға баулу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрі – әңгімелесуге баулу.</p>

Қаңтар	<p>Тілдік дамытушы орта. Қаралған шығармалардан өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге үйрету.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тілінің ерекше дыбысы «Қ» дыбысын дұрыс айтуға үйрету. Артикуляциялық аппаратты дамыту жөніндегі жұмысты жалғастыру.</p> <p>Сөздік қор. Жануарлардың және олардың төлдерінің атауларын дұрыс айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Баланың сөздік қорын дамытуда санамақтар, тақпақтарды жаттауға баулуды жалғастыру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Күнделікті сөйлеуді дамыту (зат есім).</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Әңгіме барысында айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру.</p>
Ақпан	<p>Тілдік дамытушы орта. Балалардың бір-бірімен күнделікті еркін ойында дербес әрекеттерде, ауызекі сөйлеуге жағдай жасау.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тілінің ерекше дыбысы «Қ, Ү» дыбысын дұрыс айтуға үйрету. Артикуляциялық аппаратты дамыту жөніндегі жұмысты жалғастыру.</p> <p>Сөздік қор. Төрт түлік атауларын айту және түсінік дағдыларын қалыптастыру. Баланың сөздік қорын дамытуда тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді байланыстырып, сөйлеуге қалыптастыруды жалғастыру. Күнделікті сөйлеуді дамыту (етістік).</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге баулу.</p>
Наурыз	<p>Тілдік дамытушы орта. Құрдастарымен қарым-қатынас барысында сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға үйрету.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Қазақ тілінің ерекше дыбысы «Ү» дыбысын дұрыс айтуға үйрету. Артикуляциялық аппаратты дамыту жөніндегі жұмысты жалғастыру.</p> <p>Сөздік қор. Өтініші бойынша қарапайым іс-әрекеттерді (бер, алып кел, ал) орындау, заттардың белгілерін түсіну. Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтарды жаттауға баулу.</p>

		<p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөз тіркестерін түсіну қабілетіне үйрету (зат есім және етістік).</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Ойыншықтар мен заттарды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу.</p>
Сәуір		<p>Тілдік дамытушы орта. Құрдастарының есімін толық, дұрыс атауға баулу.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тілінің ерекше дыбысы «Ү, Ұ» дыбысын дұрыс айтуға үйрету. Артикуляциялық аппаратты дамыту жөніндегі жұмысты жалғастыру.</p> <p>Сөздік қор. Заттардың белгілерін (түсін, ақ, қара, көк, қызыл, сары, жасыл) және сын есім мен зат есімнің қатар айтылу қабілетіне үйрету. Баланың сөздік қорын дамытуда қысқа санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға үйрету (сын есім).</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге үйрету.</p>
Мамыр		<p>Тілдік дамытушы орта. Балалардың ересектермен және құрдастарымен еркін қарым-қатынасқа түсуіне жағдай жасау.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тілінің ерекше «Ұ» дыбысын өздігінен дұрыс айтуға үйрету. Артикуляциялық аппаратты дамыту жөніндегі жұмысты жалғастыру.</p> <p>Сөздік қор. Адамның дене мүшелеріне қатысты (Дене, бет, бас, көз, мұрын, қол, аяқ) сөздерді үйрету. Баланың сөздік қорын дамытуда шағын санамақтар, тақпақтар жаттауға баулу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Берілген сөз тіркестерін түсінуге және сөздерді байланыстырып құрастыруға дағдыландыру (зат есім және сын есім).</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша өздігінен қайталап айтуға баулу.</p>